

2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р д ы ң :

8 , 9 , 10, 11, 12-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 ж ы л ғ ы 12 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1224 қ а у л ы с ы н а

8-ҚОСЫМША

104 - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 1584804 мың теңге (бір миллиард бес жүз сексен төрт миллион сексен төрт мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы N 304 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің

қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Премьер-Министрдің Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметіне басшылық жасау жөніндегі қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдамалық, құқықтық, хаттамалық, құжаттамалық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету; өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, дағды мен машықты жаңарту .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің аппаратын ұстау.	Жыл бойы	"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі" мемлекеттік мекемесі (ММ)
3		007	Мемлекеттік қызметшілердің	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін мынадай үш бағыт бойынша арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу:	Жыл бойы	"Қазақстан Республикасы Премьер-Минист-

			білік-тілігін арттыру	- әлеуметті-экономикалық саясат; - мемлекеттік құқықтық саясат; - мемлекеттік басқару. Мемлекеттік тілді оқыту. Ағылшын тілін оқыту.		рінің Кеңсесі" ММ
4		009	Мемлекеттік органдарды материалдық техникалық жарақтандыру	Қызметті материалдық техникалық жарақтандыру.	Жыл бойы	"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі" ММ
5		017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Шығыс материалдарын, есептеу техникасы мен лицензиялық бағдарламалық өнімдерді сатып алу. Бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу және қолдау	Жыл бойы	"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі" ММ

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: Премьер-Министрдің Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметіне басшылық жасау жөніндегі қызметін қамтамасыз ету.

Кәсіптік деңгейін арттыру - 10 адам;

Мемлекеттік тілді оқыту - 48 адам;

Ағылшын тілін оқыту - 24 адам.

Түпкі нәтижесі:

Мемлекеттік атқарушы органдардың жүргізілетін мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған тиімді қызметі.

Қаржы-экономикалық нәтиже:

Республикалық бюджет қаражатының жұмсалудың оңтайландыру және оның тиімділігі ;

Бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға арналған орташа шығындар - 60,0 мың теңге ;

Бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді оқытуға арналған орташа шығындар - 36,0 мың теңге ;

Бір мемлекеттік қызметшіге ағылшын тілін оқытуға арналған орташа шығындар - 21,0 мың теңге .

У а қ т ы л ы ғ ы :

Бір жыл ішінде жоспарланған іс-шаралар мен қойылған міндеттерді уақтылы орындау .

С а п а с ы :

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін белгіленген мерзімді ескере отырып, іс-шараларды сапалы орындау ;

Қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға сәйкес кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру;

біліктілігін арттыру курстарынан өткеннен кейін жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалуы мүмкін мемлекеттік қызметшілердің үлесі 20%;

мемлекеттік тілді оқыту курстарынан өткеннен кейін мемлекеттік тілді іс жүргізуге көшетін мемлекеттік қызметшілердің үлесі 30%;

ағылшын тілін оқыту курстарынан өткеннен кейін ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің үлесі 30%.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

9-ҚОСЫМША

104 - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Мемлекеттік органдарда ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыру және қамтамасыз ету" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 91600 мың теңге (тоқсан бір миллион алты жүз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 наурыздағы N 390-16 қаулысы; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 435 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : мемлекеттік органдар мен мекемелерде ақпаратты техникалық қорғау және білікті кадрларды даярлау арқылы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : мемлекеттік органдарды ақпаратты техникалық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету арқылы ақпараттың жария болу техникалық арналарының санын барынша азайту;
мемлекеттік органдар мен мекемелерде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы даярланған білікті мамандардың санын ұлғайту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Мемлекеттік органдарда ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыру және қамтамасыз ету			
2		100	Мемлекеттік органдарда ақпаратты техникалық қорғауды ұйымдастыру жөнінде-	1) Ақпараттық техникалық қорғау орталығы ММ аппаратын ұстау . 2) Мыналарды сатып алу және орнату: - қорғалған орындаудағы сертификатталған автоматталған жұмыс орындарын ;	Жыл бойы	"Ақпараттық техникалық қорғау орталығы" мемлекет-

			г і орталық	- мемлекеттік ор г а н д а р д ы ж а р а қ т а н д ы р у ү ш і н м ы н а д а й а қ п а р а т т ы қ о р ғ а у д ы ң с е р т и ф и к а т т а л ғ а н т е х н и к а л ы қ қ ұ р а л д а р ы.		т і к м е к е м е с і
3		101	Ақпарат қауіп- сіздігі саласын- д а м а м а н - д а р д ы д а ы р л а у ж ә н е білік- тілігін арттыру орталығы	1) "Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы" ММ аппаратын ұстау. 2) Ақпараттық қауіпсіздік саласында жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру. 3) Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілерді Қазақстанның мамандандырылған орталықтарында оқыту.	Ж ы л б о й ы	"Ақпарат- т ы қ қауіпсіз- д і к саласында мамандар даярлау ж ә н е олардың білікті- лігін арттыру орталығы" мемлекет- т і к м е к е м е с і

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже:

Мемлекеттік органдарды ақпаратты техникалық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету арқылы ақпараттың жария болу техникалық арналарының санын барынша азайту;

Мемлекеттік органдар мен мекемелерде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы даярланған білікті мамандардың санын ұлғайту.

Түпкі нәтиже: Мемлекеттік органдарда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Республикалық бюджет қаражатының жұмсалуды оңтайландыру және оның тиімділігі.

Уақтылығы: Мемлекеттік органдарда ақпараттың жария болу техникалық арналарын уақтылы анықтау және оларды жою, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мамандардың кәсіби деңгейін арттыру.

Сапасы: Мемлекеттік органдарда ақпараттың жария болуын ескерту.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007

ж ы л ғ ы

12

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

1224

қ а у л ы с ы н а

10-ҚОСЫМША

104 - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008

жылға

арналған

"Мемлекеттік мекемелерді фельдьегерлік байланыспен қамтамасыз ету" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны : 414154 мың теңге (төрт жүз он төрт миллион бір жүз елу төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы ; "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдьегерлік қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1042 қбү қаулысы ;

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : мемлекеттік құпиялардың қорғалуын сақтай отырып, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелерді үкіметтік курьерлік байланыспен қамтамасыз ету .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : арнайы жөнелтімдерді жедел жеткізуді қамтамасыз ету .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Мемлекеттік мекемелерді фельдьегерлік байланыспен қамтамасыз ету	1) Мемлекеттік фельдьегерлік байланысты ұстау. 2) Мыналарды: арнайы автокөлік, кеңсе жиһазын, тұрмыстық және ұйымдастыру техникасын, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді, радиостанцияларға арналған аккумуляторларды, спорт мүкәммалын және өзге де тауарларды сатып алу .	Жыл бойы	"Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдьегерлік қызметі" республикалық мемлекет-

			3) Әкімшілік ғимаратқа ағымдағы жөндеу жүргізу.		тік мекемесі
			4) Күзет-өрт дабылын, автоматты металл және сырғымалы есіктерді монтаждау.		
			5) Электр кәбілін илектеу.		

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтиже: Арнайы жөнелтімдерді жедел жеткізуді қамтамасыз ету.

Түпкі нәтиже: Құпиялылық режимін сақтай отырып, хат-хабарлар мен жүктерді уақытылы және толық жеткізу.

Қаржы экономикалық нәтиже: Республикалық бюджет қаражатының жұмсалуды оңтайландыру және оның тиімділігі.

Уақытылығы: Хат-хабарлар мен жүктерді уақытылы жеткізу.

Сапасы: Құпиялылық режимін сақтай отырып, хат-хабарлар мен жүктерді толық көлемде жеткізу.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына

11-ҚОСЫМША

104 - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру және ұлғайту" деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

1. Құны : 1650000 мың теңге (бір миллиард алты жүз елу миллион теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 3 қыркүйектегі N 762 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ж ә р д е м д е с у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : мемлекеттік басқарудың өзекті мәселелерін, өнімділік пен бәсекеге қабілеттілікті арттыру, қаржылық тұрақтылық, мемлекеттік органдардың реттеуші қызметінің тиімділігі мәселелерін зерделеу жөнінде институтының қызметін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	019		"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру және ұлғайту	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру және ұлғайту.	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі, "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық" орталық акционерлік қоғамы

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.12. № 581д Қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтижесі: "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанынан ұлттық талдамалық орталық" АҚ-ның қызметін қамтамасыз ету.

Түпкі нәтижесі: Мемлекеттік органдардың ақпараттық-талдау функцияларын институционалдық нығайту.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: "Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" АҚ-ның жарғылық капиталын 1 650 000 мың теңге көлемінде қалыптастыру және ұлғайту.

Уақтылығы: Жоспарланған іс-шараларды белгіленген мерзімде, оның ішінде қаржыландыру жоспарына сәйкес орындау.

Сапасы: Институттың тиімді қызмет етуін қамтамасыз ету.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 , 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 2 2 4 қ а у л ы с ы н а

12-ҚОСЫМША

104 - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 8 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н

"Мемлекеттік басқарудың көкейтесті мәселелерін зерделеу"

деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

Ескерту. 12-қосымша алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.